

## Жаңа көшелерге есімдер беру туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Бейнеу селосы әкімінің 2008 жылғы 3 желтоқсандағы № 781 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаменті Бейнеу ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 8 қаңтарда № 11-3-67 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Бейнеу ауылы халқының пікірін ескере отырып, Бейнеу ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

**Ескерту. Кіріспесі жаңа редакцияда- Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Бейнеу ауылы әкімінің 06.03.2018 № 245 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Бейнеу ауылының 5 ауыл бөлігіндегі Аспантай көшесінен кейінгі жаңа көшенің бірінші қатары Уейіс Қайралапов;  
екінші қатары Әбдібек Жаманбаев;  
үшінші қатары Қаржаубай Жылқыбаев есімдері берілсін.

**Ескерту. 1 - тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Бейнеу ауылы әкімінің 06.03.2018 № 245 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

*Село әкімінің  
міндетін атқарушы:*

*А.Сейілханов*